Целиноград ауданы әкімдігінің жанындағы «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтері бойынша тариф, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы жария тыңдаулардың хаттамасы

Департамент орналасқан жері: Көкшетау қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 73, 4 қабат.
Табиғи монополия субъектісінің атауы: Целиноград ауданы әкімдігінің жанындағы «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК.
Субъектінің орналасқан жері: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Бақыт шағынауданы, 6/2 үй.
Реттелетін қызмет түрі: жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу.
Жария тыңдау өткізілген орны: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылы, Бақыт шағынауданы, 6/2 үй, коммуналдық қызмет кеңсесі.
Жария тыңдау өткізілген күні: 2026 жылғы 2 қазан, сағат 16:00.
Жария тыңдаудың төрағасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы - Хасенова Алема Муратовна.
Жария тыңдаудың хатшысы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімінің бас маманының м.а. Байжамуров Абай Талгатулы.
Баяндамашы: Целиноград ауданы әкімдігінің жанынидағы «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК экономисі - А.К. Шамренов.

Қатысқандар: қызмет тұтынушылары, табиғи монополия субъектісінің өкілдері.

Барлығы: 11 адам.

Сонымен қатар, Ақмола облысының, Целиноград ауылының тұрғындары мен өзге де мүдделі тұлғалар жария тыңдауларға онлайн режимінде Департаменттің Facebook (https://www.facebook.com/profile.php?id=100067937962179) әлеуметтік желісіндегі ресми бетінде қатыса алды.

Жария тыңдауға қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтеме бойынша өту немесе «FACEBOOK» қосымшасына «Ақмола Дкрем» іздеуіне енгізу қажет болды.

Кез келген адам онлайн-режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алды.

Күн тәртібі:

1. Жария тыңдау төрағасының кіріспе сөзі;
2. Баяндамашының баяндамасы;
3. Талқылау;
4. Жария тыңдау төрағасының қорытынды сөзі.

Төрағалық етуші қатысушыларды «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК-ның жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тариф, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекіту туралы өтінімін қарау бойынша жария тыңдаулардың мақсаттары мен өткізу тәртібімен таныстырды.

Жария тыңдауларды өткізудің мақсаты – табиғи монополиялар субъектілерінің қызметінің тұтынушылар мен уәкілетті орган үшін ашықтығын қамтамасыз ету арқылы тарифтік саясат саласында тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің көрсететін қызметтеріне ұсынылып отырған бағалар мен тарифтердің деңгейі бойынша жұртшылықтың, тәуелсіз сарапшылардың, қоғамдық бірлестіктердің, құзыретті органдардың және тұтынушылардың пікірлерін анықтау болып табылады.

Баяндама жасау үшін сөз «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК-ның экономисі А.К. Шамреновке берілді.

Баяндама:

Құрметті жария тыңдаулардың қатысушылары!

Целиноград ауданы әкімдігінің жанындағы «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК-ның реттеліп көрсетілетін қызмет түрі — жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және өткізу бойынша 2027–2031 жылдар кезеңіне тарифті, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламасының жобасын назарларыңызға ұсынамыз.

1. Негізгі өндірістік көрсеткіштер. 2027–2031 жылдар кезеңінде жылу энергиясын өткізу көлемі жыл сайын 50,00 мың Гкал деңгейінде көзделеді. Бес жылдық кезеңдегі жылу энергиясын өткізудің жалпы көлемі 250,00 мың Гкал құрайды. Жылу энергиясының жылдық өндіру көлемі 66,88 мың Гкал құрайды, оның ішінде: өзіндік қажеттіліктерге — 2,68 мың Гкал, желіге жіберу көлемі — 64,19 мың Гкал, нормативтік шығындар — 14,19 мың Гкал. Нормативтік шығындар 22,11% деңгейінде көзделеді. Кәсіпорын қызметкерлерінің орташа тізімдік саны бүкіл кезең ішінде 98 адамды құрайды, оның ішінде 89 адам — өндірістік персонал, 9 адам — әкімшілік персонал. Бес жылдық кезең ішінде қызметкерлер санының ұлғаюы көзделмейді.

2. Шығыстардың жалпы сомасы. 2027–2031 жылдар кезеңінде реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша шығыстардың жалпы сомасы 3 973 420,28 мың теңгені құрайды. Оның ішінде тауар өндіруге және қызметтер көрсетуге жұмсалатын шығындар — 3 541 061,34 мың теңге, кезең шығыстары — 432 358,95 мың теңге. Бес жылдық кезеңдегі кірістердің жалпы көлемі 3 978 881,88 мың теңгені құрайды, жоспарланған пайда — 5 461,60 мың теңге.

3. Материалдық шығындар. Бес жылдағы материалдық шығындардың жалпы сомасы 1 157 626,17 мың теңгені құрайды. Материалдық шығындардың негізгі құрамдас бөліктері: көмір, электр энергиясы, жанар-жағармай материалдары, шикізат пен материалдар, технологиялық қажеттіліктерге арналған су, техникалық тұз және қосалқы бөлшектер.

3.1. Көмір. Көмір жылу энергиясын өндіру кезінде пайдаланылатын негізгі отын түрі болып табылады. Кәсіпорынның көмірге деген жылдық қажеттілігі 26 736,05 тоннаны құрайды. Есептеулерде көмірдің құны мынадай мөлшерде көзделеді:

- 2027 жыл — 15 178,57 теңге/тонна;
- 2028 жыл — 16 241,07 теңге/тонна;
- 2029 жыл — 17 377,94 теңге/тонна;
- 2030 жыл — 18 594,40 теңге/тонна;
- 2031 жыл — 19 896,01 теңге/тонна.

Бұл ретте көмір шығындары 100% мөлшерінде субсидияланады, сондықтан көмірдің құны тариф арқылы тұтынушыларға толық көлемде жүктелмейді.

3.2. Электр энергиясы.Электр энергиясын тұтыну көлемі жыл сайын 4 959,33 мың кВт·сағ деңгейінде көзделеді.

Электр энергиясының құны:

- 2027 жыл — 44,75 теңге/кВт·сағ;
- 2028 жыл — 47,88 теңге/кВт·сағ;
- 2029 жыл — 51,23 теңге/кВт·сағ;
- 2030 жыл — 54,82 теңге/кВт·сағ;
- 2031 жыл — 58,65 теңге/кВт·сағ.

Электр энергиясына жыл сайын 50 000 мың теңге мөлшерінде субсидия қарастырылған. Бес жыл ішінде субсидиялардың жалпы сомасы 250 000 мың теңгені құрайды. Бұл қаржыландыру көзі тиісті шығындардың тарифке түсіретін жүктемесін азайтуға мүмкіндік береді.

3.3. Жанар-жағармай материалдары (ЖЖМ). Бес жылдағы жанар-жағармай материалдарына жұмсалатын шығындар 45 897,28 мың теңгені құрайды.

2027 жылы 7 981,11 мың теңге, ал 2031 жылы 10 461,61 мың теңге көзделген. Аталған шығындар автокөлік құралдарын пайдалануға және өндірістік қызметті қамтамасыз етуге қажет.

3.4. Шикізат пен материалдар. Бес жылдық кезеңдегі шикізат пен материалдарға жұмсалатын шығындар 49 712,52 мың теңгені құрайды.

2027 жылы — 8 644,55 мың теңге, 2031 жылы — 11 331,24 мың теңге көзделген.

Аталған шығындар өндірістік процесті ағымдағы қажеттіліктермен қамтамасыз ету үшін қажет.

3.5. Қосалқы бөлшектер. Бес жыл ішінде автокөлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектерге жұмсалатын шығындар 17 475,96 мың теңгені құрайды.

Бұл шығындар кәсіпорынның автокөлік құралдарын техникалық жарамды күйде ұстауға байланысты.

3.6. Технологиялық қажеттіліктерге арналған су. Бес жылдағы суға жұмсалатын шығындар 12 817,87 мың теңгені құрайды.

Судың құны мынадай мөлшерде көзделеді:

- 2027 жыл — 107,77 теңге/м³;
- 2028 жыл — 115,31 теңге/м³;
- 2029 жыл — 123,39 теңге/м³;
- 2030 жыл — 132,02 теңге/м³;
- 2031 жыл — 141,27 теңге/м³.

3.7. Техникалық тұз. Бес жылдағы техникалық тұзға жұмсалатын шығындар 5 535,09 мың теңгені құрайды. Техникалық тұз суды дайындау процесін қамтамасыз ету үшін қажет.

4. Еңбекақы төлеу шығындары. Бес жылдағы міндетті әлеуметтік төлемдерді қоса алғанда, еңбекақы төлеуге жұмсалатын жалпы шығындар 2 240 603,91 мың теңгені құрайды. Қызметкерлер саны өзгеріссіз қалады — 98 адам. Бес жылдағы жалақы төлеуге жұмсалатын шығындар 1 956 517,43 мың теңгені құрайды.

Жылдар бойынша:

- 2027 жыл — 340 220,17 мың теңге;
- 2028 жыл — 364 035,59 мың теңге;
- 2029 жыл — 389 518,08 мың теңге;
- 2030 жыл — 416 784,34 мың теңге;
- 2031 жыл — 445 959,25 мың теңге.

Қызметкерлер саны сақталған жағдайда шығындардың өсуі көзделеді. Бес жылдағы әлеуметтік салық бойынша шығындар 189 390,91 мың теңгені, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға (МӘМС) аударымдар бойынша шығындар 51 652,08 мың теңгені құрайды. Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша шығындар заңнама талаптарына сәйкес көзделген.

5. Амортизация және жөндеу.Бес жылдық кезеңдегі амортизация сомасы 5 360,40 мың теңгені құрайды. Жыл сайын 1 072,08 мың теңге көлемінде амортизация қарастырылады. Ұсынылған тарифтік сметада жөндеуге арналған жеке шығындар көзделмеген.

6. Экологиялық төлемдер. Бес жылдағы экологиялық төлемдердің жалпы сомасы 89 269,24 мың теңгені құрайды.

Жылдар бойынша:

- 2027 жыл — 15 523,09 мың теңге;
- 2028 жыл — 16 609,71 мың теңге;
- 2029 жыл — 17 772,39 мың теңге;
- 2030 жыл — 19 016,45 мың теңге;
- 2031 жыл — 20 347,60 мың теңге.

7. Өзге де өндірістік шығындар. Бес жылдағы өзге де өндірістік шығындардың жалпы сомасы 48 201,62 мың теңгені құрайды.

Оның ішінде:

- кадрларды даярлау шығындары — 2 310,56 мың теңге;
- еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша шығындар — 13 401,98 мың теңге;
- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті және автокөлік құралдарын сақтандыру шығындары — 13 401,51 мың теңге;
- коммуналдық қызметтер — 2 787,15 мың теңге;
- өндірістік сипаттағы қызметтер — 16 300,41 мың теңге.

8. Жалпы және әкімшілік шығыстар.Бес жылдағы жалпы және әкімшілік шығыстардың сомасы 432 358,95 мың теңгені құрайды. Шығыстар құрамында әкімшілік

қызметкерлердің еңбекақысы, әлеуметтік төлемдер, амортизация, банктік және коммуналдық қызметтер, бөгде ұйымдардың қызметтері, іссапар шығындары, жалдау ақысы, байланыс қызметтері, кеңсе тауарлары мен ақпараттық қызметтер, автокөлікті күтіп-ұстау шығындары және салықтар көзделген.

Бес жылдағы әкімшілік персоналдың еңбекақысы 293 289,47 мың теңгені құрайды.

Бөгде ұйымдардың қызметтеріне жұмсалатын шығындар — 50 914,34 мың теңге, жалдау ақысы — 23 796,16 мың теңге, байланыс қызметтері — 5 658,73 мың теңге, автокөлікті күтіп-ұстау шығындары — 4 666,15 мың теңге.

9. Тариф жобасы. 2027–2031 жылдарға арналған ҚҚС-сыз тариф жобасы мынадай мөлшерде көзделеді:

- 2027 жыл — 13 709,51 теңге/Гкал;
- 2028 жыл — 14 736,38 теңге/Гкал;
- 2029 жыл — 15 840,82 теңге/Гкал;
- 2030 жыл — 17 016,48 теңге/Гкал;
- 2031 жыл — 18 274,45 теңге/Гкал.

Ұсынылған тарифтік сметаға сәйкес қолданыстағы тариф ҚҚС-сыз 9 700,22 теңге/Гкал құрайды.

Тарифтің өзгеруі реттеліп көрсетілетін қызметті жүзеге асыруға қажетті ресурстар құны мен шығындардың жиынтық өзгеруіне байланысты.

10. Инвестициялық бағдарлама. 2027–2031 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламаның жалпы құны ҚҚС-сыз 10 822 мың теңгені құрайды.

Қаржыландыру көзі — кәсіпорынның өз қаражаты.

Инвестицияларды жылдар бойынша бөлу:

- 2027 жыл — 1 994 мың теңге;
- 2028 жыл — 1 994 мың теңге;
- 2029 жыл — 2 278 мың теңге;
- 2030 жыл — 2 278 мың теңге;
- 2031 жыл — 2 278 мың теңге.

2027 жылы құны 1 356 мың теңге болатын FR-A840-00620-E2-60, 22 кВт жиілікті түрлендіргішті, сондай-ақ құны 638 мың теңге болатын ST 1 Regada, 4910-01 БВК 16 үлгісіндегі ілгерілемелі электр жетегін сатып алу көзделген.

2029 жылы құны 2 278 мың теңге болатын FR-AF740-01800-EC, 90 кВт жиілікті түрлендіргішті сатып алу көзделген. Осындай инвестициялық іс-шаралар 2030 және 2031 жылдары да жоспарланған.

Инвестициялық бағдарламаның мақсаты — технологиялық жабдықтарды жаңғырту, олардың жұмыс сенімділігін арттыру, авариялық жағдайлардың туындау қаупін азайту және тұтынушыларды жылумен үздіксіз қамтамасыз ету.

11. Негізгі қорытынды көрсеткіштер. Бес жылдық кезеңде кәсіпорын мынадай көрсеткіштерді жоспарлайды:

- жылу энергиясын өткізу көлемі — 250,00 мың Гкал;
- шығыстардың жалпы сомасы — 3 973 420,28 мың теңге;
- кірістердің жалпы көлемі — 3 978 881,88 мың теңге;
- жоспарланған пайда — 5 461,60 мың теңге;
- инвестициялық бағдарлама — 10 822 мың теңге;
- көмірге берілетін субсидия — 100%;
- электр энергиясына арналған субсидия — жыл сайын 50 000 мың теңге;
- бес жылдағы электр энергиясына арналған субсидияның жалпы сомасы — 250 000 мың теңге.

Ұсынылған тариф, тарифтік смета және инвестициялық бағдарлама жобасы кәсіпорын қызметінің нақты көрсеткіштері мен Целиноград ауданы тұтынушыларын сенімді әрі үздіксіз жылумен қамтамасыз ету үшін қажетті шығындар көлемі негізінде қалыптастырылған.

Есептеулерде отынға, электр энергиясына, жанар-жағармай материалдарына, шикізат пен материалдарға, суға, техникалық тұзға, еңбекақы төлеуге, міндетті әлеуметтік төлемдерге,

амортизацияға, экологиялық, өндірістік және әкімшілік шығындарға жұмсалатын шығыстар ескерілген.

Сонымен қатар кәсіпорын мемлекеттік қолдау шараларын көздейді: көмір шығындары 100% мөлшерінде субсидияланады, ал электр энергиясына жыл сайын 50 000 мың теңге мөлшерінде субсидия қарастырылған. Бес жылдық кезеңдегі субсидияның жалпы сомасы 250 000 мың теңгені құрайды.

Қызметкерлер саны 98 адам деңгейінде сақталады, оның ішінде 89 адам — өндірістік персонал, 9 адам — әкімшілік персонал.

Инвестициялық бағдарлама кәсіпорынның өз қаражаты есебінен жалпы сомасы 10 822 мың теңгеге жабдықтарды кезең-кезеңімен жаңғыртуды көздейді.

Мәлімделген шығыстар жылу энергиясын өндіруге, беруге, таратуға және өткізуге, жабдықтарды жұмыс жағдайында ұстауға, сондай-ақ жылумен жабдықтау сенімділігін арттыруға бағытталған.

Жоғарыда баяндалғандарға байланысты «Целиноград ауданы әкімдігінің жанындағы «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК 2027–2031 жылдар кезеңіне арналған тарифті, тарифтік сметаны және инвестициялық бағдарламаны бекіту бойынша ұсынылған материалдарды қарастырып, тиісті шешім қабылдауды сұрайды.

Баяндама аяқталды.

Назарларыңызға рақмет!

Құрметті жария тыңдаулардың қатысушылары, талқыланып отырған тақырып бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сұрақтар жоқ.

Егер қатысушылардың сұрақтары болмаса, қорытынды бөлімге көшейік.

Қорытынды сөз

Төрағалық етуші Целиноград ауданы әкімдігінің жанындағы «Целиноград коммуналдық қызметі» ШЖҚ МКК-ның ұсынылған өтінімі бойынша жария тыңдаулардың қорытындысын шығарды. Сондай-ақ жария тыңдауға қатысушылардың пікірлерін ескере отырып, тарифке жүргізіліп жатқан сараптама бойынша түпкілікті негізделген шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланатынын атап өтті.

Қатысқандарыңыз үшін алғыс білдіремін!

Төраға **А. Хасенова**

Хатшы **А. Байжамуров**